

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Педиатрия-2» кафедрасы		П-68/16
«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).		бет. 1 беттен 30

Силлабус
«Педиатрия-2» кафедрасы
«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы
7R01130 «Педиатрия» Білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат:		
1.1	Пән коды: R-SKIA	1.6	Оқу жылы: 2024-2025
1.2	Пәннің атауы: «Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология».	1.7	Курсы: 2 (екінші)
1.3	Пререквизиттері: Резидентураның 1-оқу жылында өтетін бейіндік пәндер циклы: «Стационардағы балалар аурулары».	1.8	Семестр: -
1.4	Постреквизиттері: -	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 4 кредит/120 сағат
1.5	Цикл: БНП	1.10	Компонент: ТК
2.	Пәннің мазмұны (50 сөзден аспайды):		
Аллергологиялық және иммунологиялық аурулары бар балаларға мамандандырылған және жоғары мамандандырылған көмек көрсету. Тыныс жолдарының, асқазан-ішек жолдарының, терінің аллергиялық аурулары туралы заманауи түсінік; тән емес әдістемеге қарсы көрсетілімдер; иммунды тапшылық жағдайларды иммунотерапия принциптері, иммунитетті диагностикалаудың зертханалық әдістері.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны:		
3.1	Тестілеу +	3.5	Кейс стади +
3.2	Жазбаша	3.6	Дискуссия
3.3	Ауызша +	3.7	Конференция +
3.4	Науқастың төсегінде практикалық дағдыларды қабылдау +	3.8	CBL +
4.	Пәннің мақсаты:		
«Педиатрия» мамандығынан резиденттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауы үшін, резиденттерді өндірістік, зерттеу және педагогикалық тәжірибелерде тереңдетілген білімдерін, істеу және әдеттерін қалыптастырып, бекіту.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің СН):		
ОН1.	Балалардағы негізгі патологиялық симптомдар мен синдромдарды, биомедициналық және клиникалық пәндер негіздерін білуді пайдалана отырып, қазіргі заманғы клиникалық хаттамаларға сәйкес диагноз қою алгоритмдерін (негізгі, қосалқы, асқынулар) қолдана отырып, аурулардың халықаралық статистикалық классификациясын және соған байланысты денсаулық проблемаларын ескере отырып анықтай алады.		

«Педиатрия-2» кафедрасы

П-68/16

«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).

бет. 2 беттен 30

ОН2.	Пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасындағылармен, Денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады, сондай-ақ халықтың, пациенттердің және олардың отбасы мүшелерінің өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған мотивацияны қалыптастыра алады.					
ОН3.	Шұғыл медициналық араласуды қажет ететін жағдайларда балаларға шұғыл медициналық көмек көрсетуге қатысуға қабілетті. Тәуекелдерді бағалай алады және балаларға медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдана алады.					
5.1	Пәннің ОН:	Пәнді оқыту нәтижесімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері				
	ОН 1,2	ОН1. Науқастарды курациялау: клиникалық диагнозды құрастыру, емдік жоспарды тағайындау және балалар ауруларының емінің тиімділігін дәлелді тәжірбиесі негізінде бағалауды білу.				
	ОН 2,3	ОН2. Коммуникация және коллаборация: педиатриялық аурулармен қарым қатынасты жасай білу және оларды қоршаған адамдармен қатынасты жақсарту, сонымен қатар денсаулық сақтау мамандарымен қатынасты жақсарту жоғары нәтиже болу үшін.				
	ОН 3	ОН3. Қауіпсіздігі және сапасы: педиатриялық медициналық көмектің сапасын тиімді әдістермен және жоғары қауіпсіздікті бағалай білуді қамтамасыз ету.				
6.	Пән туралы толық ақпарат:					
6.1	<p>Өткізу орны (ғимарат, аудитория): «Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» сабағы компьютерлік құралдармен жабдықталған Педиатрия-2 кафедрасы аудиторияларында өткізіледі.</p> <p>Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» МКҚК. Нұрсат шағынауданы, Арғынбеков көшесі, 125, Телефон 8-7252 (408222), ішкі 2501, Педиатрия-2 кафедрасы, эл.мекен-жайы: pediatrics-2@mail.ru.</p> <p>Оқыту және/немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда сайттың басты бетіндегі «ОҚМА» АҚ сайтының CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар және/немесе электрондық пошта арқылы хабарласа аласыздар.</p>					
6.2	Сағаттар саны	дәрістер	тәж.сабақ	зертх. сабақ	ТРӨЖ	БӨЖ
		-	24	-	78	18
7.	Академиялық жетекшілер туралы мәліметтер:					
№	Аты-жөні	Дәрежесі лауазымы	Электронды адресі	Ғылыми қызығушылықтары	Жетістіктері	
1	Хатамов Фуркат Джамалович	доцент	bekten_gulmira@mail.ru	Ғылыми бағыты: «Педиатрия»	Ғылыми жарияланымның авторы – 80-нен астам.	
2	Карсыбаева Кулбала Романовна	ассистент	ulbalark@mail.ru	Ғылыми бағыты: «Педиатрия», «Неонатология»,	«Бала аурулары пропедевтикасы» оқулығының авторы. 60-н астам ғылыми	

«Педиатрия-2» кафедрасы

«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).

П-68/16

бет. 3 беттен 30

				«Гастроэнтерология балалардың», «Нефрология балалардың».	мақаланың авторы, 1 патенті бар.		
3	Мусабекова Марияна Камбаровна	ассистент	Musabekova@mail.ru	Ғылыми бағыты: «Педиатрия».	«Ғылыми жарияланымның авторы – 5.		
Клиникалық тәлімгерлер туралы мәліметтер:							
1	Пазыл Айнұр Бахарамқызы	ассистент	pazyl.A@mail.ru	Ғылыми бағыты: «Педиатрия», «Пульмонология балалардың»	Ғылыми жарияланымның авторы - 30		
2	Жумабеков Ж.К.	доцент м.а.	jjk1960@mail.ru	Ғылыми бағыты: Педиатрия, Неонатология	«Бала аурулары пропедевтикасы» оқулығының авторы. 80-н астам ғылыми мақаланың авторы.		
8. Тақырыптық жоспар:							
апта/ күн	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны		пәннің оқыту нәтиже- лері	сағат саны	Оқыту технологиясының формасы/әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Иммундық жүйенің бұзылуымен байланысты аурулары бар науқастарға медициналық көмекті ұйымдастыру.	Иммундық жүйенің бұзылуымен байланысты аурулары бар науқастарға медициналық көмекті ұйымдастыру. Иммундық жүйенің бұзылуымен байланысты аурулары бар науқастарға медициналық көмекті ұйымдастыру принциптері. Медициналық көмек көрсету стандарттары, науқастарды медициналық тексеру.		ОН 1,2	2	Бағалау сұхбат/тақырып мазмұны бойынша ауызша сауалнама.	Тексеру парағы: Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ). Ауызша жауап.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Тыныс алу жүйесінің аллергиялық аурулары.	Тыныс алу жүйесінің аллергиялық аурулары. Аллергиялық респираторлық аурулар туралы түсінік, жіктелуі, клиникасы, спецификалық диагностика принциптері. Бронхиалды астма. Өкпенің		ОН 2,3	6,5/1,5	Презентация дайындау. Портфолио қалыптастыру.	Тақырыпқа презентацияны бағалауға арналған тексеру парақтары. Портфолионы

«Педиатрия-2» кафедрасы

«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).

П-68/16

бет. 4 беттен 30

		эозинофилиясы. Экзогенді аллергиялық альвеолит.				бағалауға арналған тексеру парағы.
2	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Тыныс алу жүйесінің аллергиялық аурулары.	Тыныс алу жүйесінің аллергиялық аурулары. Бронх демікпесінің, өкпе эозинофилиясының, экзогендік аллергиялық альвеолиттің, аллергиялық бронхопульмональды аспергиллездің этиологиясын, патогенезін, клиникасын, диагностикасын және емдеуін анықтау. Диагностика, дифференциалды диагностика, емдеу принциптері.	ОН 1,2	2	Шағын дәріс, тақырыптық науқастың клиникалық талдауы.	Тексеру парағы: Ағымдық бақылауды бағалау (АББ). Ауызша жауап.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Терінің аллергиялық аурулары.	Терінің аллергиялық аурулары. Терінің аллергиялық аурулары: түсінігі, патогенезі, жіктелуі. Қазіргі заманғы диагностика және емдеу әдістері.	ОН 2,3	6,5/1,5	Науқасты курациялау. Кейс талдауы. Презентация, портфолио қалыптастыру.	Тексеру парағы: «Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері». Тақырыпқа презентация. Портфолионы бағалауға арналған тексеру парақтары.
3	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Терінің аллергиялық аурулары.	Терінің аллергиялық аурулары. Атопиялық дерматит, есекжем және ангионевротикалық ісінудің, жанаспалы дерматиттің этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емі. Қазіргі заманғы диагностика және емдеу және алдын алу әдістері.	ОН 1,2	2	Нақты жағдайды талдау / нақты жағдайлар.	Тексеру парағы: Жағдаяттық есептерді дайындау және шешу.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Аллергиялық ринит.	Аллергиялық ринит. Аллергиялық ринит: анықтамасы, этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емі. Поллиноз: анықтамасы, этиологиясы, патогенезі,	ОН 2,3	6,5/1,5	DOPS-практикалық процедураларды меңгеруді бағалау. SA - өзін-өзі	Тексеру парағы: «Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері».

«Педиатрия-2» кафедрасы

«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).

П-68/16

бет. 5 беттен 30

		клиникасы, диагностикасы, емі.			бағалау.	Тексеру парағы: «Бағалау 360 ⁰ ».
4	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Латекс аллергиясы.	Латекс аллергиясы. Латекс аллергиясы: анықтамасы, этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емі. Латекс аллергиясының даму факторлары мен қауіп топтары.	ОН 1,2	2	Case-study (нақты жағдайлар әдісі).	Тексеру парағы: Жағдаяттық есептерді дайындау және шешу.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Тағамдық аллергия.	Тағамдық аллергия. Тағамдық аллергия: анықтамасы, этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емі. Тағамдық аллергияның жасқа байланысты ерекшеліктері.	ОН 2,3	6,5/1,5	PS - Науқасты тексеру.	Тексеру парағы: Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері: кәсіби дағдылар.
5	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Жәндіктерге аллергия.	Жәндіктерге аллергия. Жәндіктер аллергиясының анықтамасы, даму себептері, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емі.	ОН 1,2	2	Клиникалық ситуациялық оқыту, тақырып бойынша пациенттер.	Бағалау парақтары: Жағдаяттық есептерді дайындау және шешу, тақырыптық науқастарды клиникалық талдау.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Дәрілік аллергия.	Дәрілік аллергия. Дәрілік заттардың жағымсыз әсерлерінің жіктелуі: дәрілік аллергияның этиологиясы, дәрілік аллергияның қауіп факторлары; дәрілік аллергияның клиникалық көріністері: дерматологиялық, бауыр аурулары, бүйрек аурулары, жүрек-қантамыр жүйесі аурулары, асқазан-ішек жолдарының аурулары, жүйке жүйесі аурулары, дәрілік аллергияның диагностикасы, дәрілік аллергияны емдеу, шұғыл медициналық көмек. Алдын алу.	ОН 2,3	6,5/1,5	РА - Серіктестің бағаласы. Презентация дайындау, портфолио калыптастыру.	Тексеру парағы: «Бағалау 360 ⁰ ». Тақырыпқа презентация. Портфолионы бағалауға арналған тексеру парақтары.

«Педиатрия-2» кафедрасы

П-68/16

«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).

бет. 6 беттен 30

6	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Аллергиялық ауруларды емдеу принциптері.	Аллергиялық ауруларды емдеу принциптері. Аллергиялық ауруларды емдеу принциптері: этиотропты терапия, иммундық сатысына әсер ететін препараттар, патохимиялық. Ремиссиядағы науқастарды емдеу: Аллергенге спецификалық иммунотерапия (АСИТ). Көрсеткіштері, қарсы көрсеткіштері, өткізу әдістері. Аллергиялық аурулардың алдын алу принциптері.	ОН 1,2	2	Шағын дәріс, науқасты көрсету.	Тексеру парағы: «Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері».
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Біріншілік және екіншілік иммундық тапшылықтарды диагностикалау принциптері.	Біріншілік және екіншілік иммундық тапшылықтарды диагностикалау принциптері. Иммундық тапшылық көрінісінің клиникалық синдромдары. Туа біткен және адаптивті иммунитеттің күйін анықтау арқылы иммундық статусты бағалау. Диагностикалық алгоритмдер. Иммундық тапшылық белгілері бар науқастардың иммунограммасы.	ОН 2,3	6,5/1,5	PS - Науқасты тексеру. Клиникалық жағдайды қорғау.	Тексеру парағы: «Бағалау 360 ⁰ ». Тәлімгердің бағасы. Тексеру парағы: «Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері».
	Аралық бақылау №1	Бақылау 1-6 күндер аралығындағы тәжірибелік сабақтар және БӨЖ тақырыптарының мазмұнын қамтиды.	ОН 1,2,3			Науқастың төсегінің жанында тәжірибелік дағдыларды бағалауға арналған шағын клиникалық емтихан.
7	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Антиденелер өндірісінің басым	Антиденелер өндірісінің басым бұзылуымен біріншілік иммундық тапшылықтар. Біріншілік жасушалық және аралас иммун	ОН 1,2	2	Тақырыптың мазмұны бойынша бағалау сұхбаты /	Тексеру парағы: Ағымдағы бақылауды бағалау

	бұзылуымен біріншілік иммундық тапшылықтар. Біріншілік жасушалық және аралас иммун тапшылығы.	тапшылығы. Антидене түзілуінің басым бұзылуымен біріншілік иммундық тапшылықтардың жіктелуі, себептері мен даму механизмдері. Бастапқы жасушалық және аралас иммун тапшылығы: Ди-Джордж синдромы, Вискотт-Олдрич синдромы, Луи-Бар синдромы, Ниймеген синдромы, Джоб синдромы, Омен синдромы, ауыр аралас иммундық тапшылық – клиникалық, диагностикалық белгілер, терапевтік және емдік шаралар.			ауызша сауалнама.	(АББ): Ауызша жауап.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Фагоциттер жүйесіндегі жетіспеушіліктер.	Фагоциттер жүйесіндегі жетіспеушіліктер. Фагоцитарлық жүйенің жетіспеушілігі: сандық және сапалық (созылмалы гранулематоз, Чедиак-Хигаши синдромы). Жіктелуі, даму себептері мен механизмдері, негізгі клиникалық көріністері. Септикалық асқынуларды болжау. Иммуномодуляторларды, колонияны ынталандыратын факторларды қолдану.	ОН 2,3	6,5/1,5	DOPS-практикалық процедураларды меңгеруді бағалау. Презентациялар дайындау, портфолио қалыптастыру.	Тексеру парағы: Білім алушылардың практикалық дағдыларды меңгеруін бағалау. Тақырыпқа презентация. Портфолионы бағалауға арналған тексеру парақтары.
8	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Комплемент жүйесіндегі жетіспеушіліктер.	Комплемент жүйесіндегі жетіспеушіліктер. Комплемент жүйесінің жетіспеушілігі: жеке компоненттердің болмауы, C ₁ ингибиторы. Жіктелуі, даму себептері мен механизмдері, негізгі клиникалық көріністері. Диагностика (ферменттік иммундық талдау, иммуноблотинг). Алмастыру терапиясы.	ОН 1,2	2	CBL әдісі.	Тексеру парағы: «Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері».
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Екіншілік иммундық	Екіншілік иммундық тапшылықтар. Иммуноциттердің өлуінен туындаған екіншілік иммундық тапшылықтар.	ОН 2,3	6,5/1,5	Обходқа және кеңес берулерге қатысу.	Тексеру парағы: Практикалық дағдыларды, кәсіби

«Педиатрия-2» кафедрасы

«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).

П-68/16

бет. 8 беттен 30

	тапшылықтар.	Лимфоциттердің функционалдық бұзылыстарынан туындаған екіншілік иммундық тапшылықтар. Физиологиялық иммундық тапшылықтар. Жіктелуі, даму себептері мен механизмдері, негізгі клиникалық көріністері.			Сабақтан тыс кеңестерге қатысу.	дағдыларды бағалау критерийлері. Білім алушының өзіндік жұмысын бағалау критерийлері (БӨЖ).
9	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Иммуноterapia.	Иммуноterapia. Иммунокоррекция принциптері. Иммуномодуляторлар: анықтамасы, жіктелуі, әсер ету механизмі, қолдану аймағы. Тимус пептидтері иммуномодуляциялық препараттар ретінде, олардың синтетикалық аналогтары, қолдануға көрсеткіштер. Интерферондар және интерфероногендер, қолдану саласы. Рекомбинантты цитокиндер, көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері, қолдану әдістері. Бактериялық текті иммуномодуляторлар, оларды респираторлық аурулармен ауыратын науқастарды кешенді емдеуде қолдану. Иммуномодуляторлар асқазан-ішек жолдарының ауруларында, урогенитальды инфекцияларда, ірінді-септикалық процестерде және т.б.	ОН 1,2	2	Жеке жұмыс. Ситуациялық тапсырмалар, тестілеу.	Тексеру парағы: Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ): Ауызша жауап.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Аутоиммунды аурулар.	Аутоиммунды аурулар. Аутоиммунды аурулар: иммунопатогенезі, генетикалық аспектілері. Аутоиммунды аурулардың классификациясы, сипаттамасы, диагностикасы, терапиясы. Жүйелі қызыл жегі, ревматоидты артрит, аутоиммунды гемолитикалық анемия, инсулинге тәуелді қант диабеті, склероз, анкилозды спондилит	ОН 2,3	6,5/1,5	PS - Науқасты тексеру. Ғылыми мақалаларды талдау, презентациялар дайындау, портфолио	Тексеру парағы: «Бағалау 360 ⁰ » (тәлімгер, бөлім меңгерушісі, білім алушы, кезекші дәрігер). Тақырыпқа презентация. Портфолионы

«Педиатрия-2» кафедрасы

«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).

П-68/16

бет. 9 беттен 30

		және т.б.: сипаттамасы, триггер факторлары, иммунопатогенезі, диагностикалық әдістері, емдеу тактикасы.			калыптастыру.	бағалауға арналған тексеру парақтары.
10	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Балалардағы өтпелі гипогаммаглобулинемия.	Балалардағы өтпелі гипогаммаглобулинемия. Иммуноглобулин А селективті тапшылығы. Х-байланысты агаммаглобулинемия (Брутон ауруы). Гипер-IgM синдромдары. Зертханалық мәліметтер, клиникалық көрініс, емі.	ОН 1,2	2	Бағалау сұхбат/тақырып мазмұны бойынша ауызша сауалнама.	Тексеру парағы: Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ). Ауызша жауап.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Т-лимфоциттердің басым ақауы бар біріктірілген иммунитет тапшылығы.	Т-лимфоциттердің басым ақауы бар біріктірілген иммунитет тапшылығы: ауыр аралас иммундық жеткіліксіздік. «Жаланащ лимфоциттер» синдромы. Ди-Джорджи синдромы. Х-байланысты лимфопролиферативті синдром. Зертханалық зерттеулер деректері, клиникалық көрінісі, емі.	ОН 2,3	6,5/1,5	Презентация дайындау. Портфолио калыптастыру.	Тақырыпқа презентацияны бағалауға арналған тексеру парақтары. Портфолионы бағалауға арналған тексеру парағы.
11	Тәжірибелік сабақ. Тақырып: Хромосомалардың бұзылу синдромдары.	Хромосомалардың бұзылу синдромдары. Атаксия-телангиэктазия. Вискотт-Олдрич синдромы. Зертханалық зерттеулер деректері, клиникалық көрінісі, емі.	ОН 1,2	2	Бағалау сұхбат/тақырып мазмұны бойынша ауызша сауалнама.	Тексеру парағы: Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ). Ауызша жауап.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Асқазан-ішек жолдарының аллергиялық аурулары.	Асқазан-ішек жолдарының аллергиялық аурулары (целиакия ауруы, асқазан-ішек синдромы, аллергиялық гастрит, тағамдық аллергия). Спецификалық аллергодиагностика, иммунодиагностика, дифференциалды диагностика. Балалық және жыныстық жетілу кезеңіндегі ағым ерекшеліктері. Иммунотерапия. Алдын алу. Бақылау. Медициналық-әлеуметтік сараптама (МСЭК) мәселелері.	ОН 2,3	6,5/1,5	Презентация дайындау. Портфолио калыптастыру.	Тақырыпқа презентацияны бағалауға арналған тексеру парақтары. Портфолионы бағалауға арналған тексеру парағы.
12	Тәжірибелік сабақ.	Жоғарғы тыныс жолдарының аллергиялық	ОН 1,2	2	Шағын дәріс,	Тексеру парағы:

	Тақырып: Жоғарғы тыныс жолдарының аллергиялық аурулары.	аурулары (аллергиялық ринит, аллергиялық фарингит, синусит, аллергиялық ларингит). Спецификалық аллергодиагностика, иммунодиагностика, дифференциалды диагностика. Балалық және жыныстық жетілу кезеңіндегі ағым ерекшеліктері. Иммунотерапия. Алдын алу. Бақылау. Медициналық-әлеуметтік сараптама (МСЭК) мәселелері.			тақырыптық науқастың клиникалық талдауы.	Ағымдық бақылауды бағалау (АББ). Ауызша жауап.
	ТРӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің клиникалық хаттамаларына сәйкес тағамдық аллергиясы бар науқастарды емдеудің негізгі әдістері.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің клиникалық хаттамаларына сәйкес тағамдық аллергиясы бар науқастарды емдеудің негізгі әдістері. Спецификалық аллергодиагностика, иммунодиагностика, дифференциалды диагностика. Балалық және жыныстық жетілу кезеңіндегі ағым ерекшеліктері. Иммунотерапия. Алдын алу. Бақылау. Медициналық-әлеуметтік сараптама (МСЭК) мәселелері.	ОН 2,3	6,5/1,5	Науқасты курациялау. Кейс талдауы. Презентация, портфолио қалыптастыру.	Тексеру парағы: «Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері». Тақырыпқа презентация. Портфолионы бағалауға арналған тексеру парақтары.
	Аралық бақылау №2	Бақылау 7-12 күндер аралығындағы тәжірибелік сабақтар және БӨЖ тақырыптарының мазмұнын қамтиды.	ОН 1,2,3			Науқастың төсегінің жанында тәжірибелік дағдыларды бағалауға арналған шағын клиникалық емтихан.
	Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу			12 сағат		
9.	Оқыту әдістері және бақылау түрлері:					
9.1	Дәріс:	Резидентурада дәрістер қарастырылмаған.				

9.2	Тәжірибелік сабақ:	Ауызша сауалнама, жеке жұмыс, пікірталастар, шағын клиникалық талдау, клиникалық жағдайды қорғау, (SP – standart patient), жағдайды талдау (CS-case-study), RBL технологиялары, СBL-шағын дәрістер, клиникалық талдаулар, конференциялар, клиникалық дағдыларды бағалау үшін консультациялық қолдау.			
9.3	БӨЖ/ТРӨЖ:	Клиникалық тәлімгердің жетекшілігімен дербес клиникалық жұмыс мыналарды қамтиды: күнделікті медициналық конференцияларға қатысу, клиникалық тәлімгердің/оқытушының бақылауымен стационарда жатқан кемінде 3 педиатриялық науқасты бақылау, медициналық мекемелердің электрондық ресурсында медициналық құжаттарды жүргізу, басқа дәрігерлермен/мұғалімдермен обхотарға, консультациялар, клиникалық шолуларға қатысу; резиденттің ЖОЖ-на сәйкес медициналық манипуляцияларды орындау. Оқу және ғылыми әдебиеттермен жұмыс және презентацияларды дайындау, портфолио қалыптастыру, DOPS – практикалық процедураларды меңгеруді бағалау, SA – өзін-өзі бағалау, PA – серіктесті бағалау, PS-науқасты тексеру. Білім алушының (резиденттің) өзіндік жұмысы теориялық материалды меңгеруді, ақпараттық ресурстардан (UpToDate, Cochrane және т.б.) қажетті өзекті ақпаратты іздеуді қамтуы. Портфолио жұмысы, клиникалық ауысым, зерттеу жұмыстары және т.б.			
9.4	Аралық бақылау:	Науқастың төсегінің жанында тәжірибелік дағдыларды бағалауға арналған шағын клиникалық емтихан.			
10.	Бағалау критерийлері:				
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері:				
ОН №	Пәннің ОН	қанағаттанарлықсыз	қанағаттанарлық	жақсы	өте жақсы
ОН1	Балалардағы негізгі патологиялық симптомдар мен синдромдарды, биомедициналық және клиникалық пәндер негіздерін білуді пайдалана отырып, қазіргі заманғы клиникалық хаттамаларға сәйкес диагноз қою алгоритмдерін (негізгі,	Клиникалық диагнозды негіздеу және тұжырымдау кезінде білім мен түсінікті көрсете алмайды, нозологияның жіктелуін қолданбайды. Емдеу жоспарын құра алмайды, дәрі-дәрмектердің дозасын есептей алмайды, педиатриялық науқастарға терапияның тиімділігін бағалай алмайды.	Клиникалық диагнозды негіздеу және тұжырымдау кезінде білімі мен түсінігінің жеткіліксіздігін көрсетеді, ҚР ДСМ КХ негізінде нозология жіктемесін пайдаланбайды. Емдеу тактикасында, препараттарды есептеуде, педиатриялық бейіндегі пациенттерге терапияның тиімділігін бағалауда	Нозологияның жіктелуін қолдана отырып клиникалық диагнозды негіздей және тұжырымдай алады ҚР ДСМ КХ негізінде емдеу тактикасын анықтауға, препараттарды есептеуге, педиатриялық бейіндегі пациенттерге дәлелді практика	Нозологияның жіктелуін қолдана отырып клиникалық диагнозды дербес негіздейді және тұжырымдайды ҚР ДСМ КХ негізінде емдеу тактикасы мен жоспарын дербес құрастырады,

	қосалқы, асқынулар) қолдана отырып, аурулардың халықаралық статистикалық классификациясын және соған байланысты денсаулық проблемаларын ескере отырып анықтай алады.	Негізгі әдебиеттермен айналысқан жоқ.	дәлсіздіктер мен қателіктер жібереді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді толық пайдаланбайды.	қағидаттары негізінде терапияның тиімділігін бағалауға қабілетті. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қолданады.	қажет болған жағдайда препараттарды, инфузиялық терапияны есептейді, терапия тиімділігінің индикаторларын бағалайды. Педиатриялық бейіндегі пациенттерге медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлеріндегі дәлелді практика қағидаттары негізінде тағайындауларды талдайды. Ғылыми мәліметтер базасынан әдебиеттерді қолданады.
ОН2	Пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасындағылармен,	Педиатриялық профильдегі пациентпен, оның қоршаған ортасымен қарым-қатынас жасау дағдыларының негіздерін қолданбайды.	Педиатриялық профильдегі пациентпен, оның қоршаған ортасымен қарым-қатынас жасау дағдыларының жеткіліксіздігін көрсетеді	Педиатриялық профильдегі пациентпен, оның қоршаған ортасымен қарым-қатынас	Педиатриялық профильдегі пациентпен, оның қоршаған ортасымен қарым-



«Педиатрия-2» кафедрасы

«Стационардағы клиникалық иммунология және алергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).

П-68/16

бет. 13 беттен 30

	<p>Денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады, сондай-ақ халықтың, пациенттердің және олардың отбасы мүшелерінің өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған мотивацияны қалыптастыра алады.</p>	<p>Денсаулық сақтау мамандарымен өзара әрекеттесу кезінде өрескел қателіктер жібереді. Педиатриялық профильдегі науқас үшін оң нәтижеге қол жеткізбейді.</p>	<p>Денсаулық сақтау мамандарымен өзара әрекеттесу кезінде қателіктер жібереді. Педиатриялық профильдегі науқас үшін жақсы нәтижеге толық қол жеткізе алмайды.</p>	<p>дағдыларын қолдана отырып, тиімді қарым-қатынас жасай алады. Педиатриялық бейіндегі пациент үшін жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында Денсаулық сақтау мамандарымен өзара іс-қимыл жасауға қабілетті.</p>	<p>қатынас жасау дағдыларын өз бетінше тиімді пайдаланады. Педиатриялық бейіндегі пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында Денсаулық сақтау мамандарымен өз бетінше ынтымақтасады.</p>
ОНЗ	<p>Шұғыл медициналық араласуды қажет ететін жағдайларда балаларға шұғыл медициналық көмек көрсетуге қатысуға қабілетті. Тәуекелдерді бағалай алады және балаларға медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдана алады.</p>	<p>Педиатриялық аурудың қаупін бағалауға қабілетсіз. Педиатриялық бейіндегі пациентке медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының сенімді деңгейін қамтамасыз ету үшін тиімді әдістерді пайдаланбайды.</p>	<p>Педиатриялық аурудың қаупін бағалауда қателіктер жібереді. Педиатриялық профильдегі пациентке медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының сенімді деңгейін қамтамасыз ету үшін тиімді әдістерді жеткіліксіз қолданады.</p>	<p>Педиатриялық аурудың қаупін бағалауды көрсете алады. Педиатриялық бейіндегі пациентке медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тиімді әдістерді қолдануды көрсетуге қабілетті.</p>	<p>Педиатриялық аурудың қаупін дербес бағалайды. Педиатриялық профильдегі пациентке медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді өз бетінше пайдаланады.</p>

10.2 Оқыту әдістері мен технологияларын бағалау критерийлері:		
Практикалық сабаққа арналған тексеру парағы:		
Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Практикалық дағдыларды, кәсіби дағдыларды бағалауға арналған тексеру парағы:	Бағалауға өте жақсы сәйкес келеді: A (4,0; 95-100%) A- (3,67; 90-94%)	Анамнез жинағы: жүйелі түрде жиналған, анамнез аурудың даму динамикасын толық көрсетеді; Физикалық тексеру: жүйелі, техникалық тұрғыдан дұрыс және тиімді жүргізілді; Алдын ала диагноз қою: дұрыс орнатылған, негіздеме берілген; Ауруды зерттеудің зертханалық-аспаптық әдістерінің мақсаты: толық және барабар; Науқасты зерттеу нәтижелерін сараптау (түсіндіру): толық және дұрыс; Дифференциалды диагноз: толығымен; Қорытынды диагноз және оның негіздемесі: толық, негізделген; Емдеуді таңдау: емдеу өте жеткілікті; Тағайындалған емнің әсер ету механизмін түсіну: толық; Болжам және алдын-алу анықтамасы: барабар, толық.
	Бағалауға жақсы сәйкес келеді: B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	Анамнезді жинау: жүйелі түрде жиналған, бірақ негізгі белгілердің сипатын және олардың пайда болу себептерін жеткілікті түсіндірместен; Физикалық тексеру: жүйелі, бірақ шамалы техникалық дәлсіздіктер; Алдын ала диагноз қою: дұрыс орнатылған, бірақ негіздеме жоқ; Ауруды зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістерінің мақсаты: жеткілікті, бірақ шамалы кемшіліктері бар; Пациентті зерттеу нәтижелерін сараптау (түсіндіру): болмашы дәлсіздіктермен дұрыс; Дифференциалды диагноз: дәлелденген, бірақ барлық ұқсас аурулармен емес; Қорытынды диагноз және оның негіздемесі: негізгі аурудың диагнозы толық, бірақ қатар жүретін аурулар көрсетілмеген; Емдеуді таңдау: дұрыс, бірақ толық емес немесе полипрагмазия; Тағайындалған емнің әсер ету механизмін түсіну: маңызды емес бөлшектерде қателеседі; Болжам және алдын-алу анықтамасы: жеткілікті, бірақ толық емес.
	Бағалауға қанағаттанарлық сәйкес келеді:	Анамнез жинағы: аурудың мәні мен симптомдардың даму реті туралы түсінік бермейтін фактілерді бекіту арқылы жиналған;



«Педиатрия-2» кафедрасы

«Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология» пәнінің Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус).

П-68/16

бет. 15 беттен 30

	<p>C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,33; 55-59%) D (1,0; 50-54%)</p>	<p>Физикалық тексеру: толық техникалық сәтсіз қателер; Алдын ала диагноз қою: жетекші синдром оқшауланған, бірақ диагностикалық қорытынды жоқ; Ауруды зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістерінің мақсаты: жеткілікті емес; Науқасты зерттеу нәтижелерін сараптау (түсіндіру): Елеулі қателіктермен ішінара шындық; Дифференциалды диагноз: толық емес; Қорытынды диагноз және оның негіздемесі: диагноз жеткілікті негізделмеген, асқынулар, қатар жүретін аурулар анықталған жоқ; Емдеуді таңдау: негізгі және қосалқы ауру бойынша емдеу толық емес; Тағайындалған емнің әсер ету механизмін түсіну: жартысы; Болжам және алдын-алу анықтамасы: жеткіліксіз және толық емес.</p>
	<p>Бағалауға қанағаттанарлықсыз сәйкес келеді: FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)</p>	<p>Анамнез жинағы: фактілерді диагностикалау үшін маңызды емес кездейсоқ жиналған мәліметтер; Физикалық тексеру: қолмен жұмыс жасау дағдылары жоқ; Алдын ала диагноз қою: қате қойылды; Ауруды зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістерін тағайындау: қарсы көрсеткіштер тағайындалды; Науқасты зерттеу нәтижелерін зерттеу (түсіндіру): көп жағдайда дұрыс емес; Дифференциалды диагноз: өнімді; Қорытынды диагноз және оның негіздемесі: диагноз хаотикалық негізделген, аз сенімді; Емдеуді таңдау: кері әсер ететін препараттар тағайындалды; Тағайындалған емнің әсер ету механизмін түсіну: дұрыс түсіндіре алмайды; Болжам және алдын-алу анықтамасы: анықтай алмады.</p>
<p>Тексеру парағы: «360° бағалау» тәлімгердің:</p>	<p>Бағалауға өте жақсы сәйкес келеді: A (4,0; 95-100%) A- (3,67; 90-94%)</p>	<p>Дайындық: тұрақты өзін-өзі тәрбиелеу: мысалы, мәлімдемелерді тиісті сілтемелермен бекітеді, қысқаша түйіндеме жасайды; Жауапкершілік: өзінің оқуы үшін жауапкершілікті өзіне алады: мысалы, өзінің оқу жоспарын басқарады, жетілдіруге белсенді ұмтылады, ақпараттық ресурстарды сыни бағалайды; Қатысу: топтарды оқытуға белсенді қатысады: мысалы, талқылауға белсенді қатысады,</p>

			<p>тапсырмаларды мұқият алады;</p> <p>Топтық дағдылар: тиімді топтық дағдыларды көрсетеді, мысалы, бастама көтереді, басқаларға құрмет пен әдептілік танытады, түсінбеушілік пен қақтығыстарды шешуге көмектеседі;</p> <p>Байланыс: құрдастарымен қарым-қатынаста жасанды: мысалы, вербальды емес және эмоционалды сигналдарға бейім, белсенді тыңдайды;</p> <p>Кәсібилік: жоғары дамыған кәсіби дағдылар: мысалы, керемет қатысу, сенімділік, кері байланысты мұқият қабылдау және одан үйрену мүмкіндігі;</p> <p>Рефлексия: интроспекция жоғары: мысалы, ол өзінің білімі мен қабілеттерінің шектеулі екенін біледі, басқаларды қорғауға немесе ескертуге айналмайды;</p> <p>Сыни тұрғыдан ойлау: жоғары дамыған сыни ойлау: гипотезаларды қалыптастыру, практикадан алынған білімді қолдану, ақпаратты сыни бағалау, қорытынды жасау, ойлау процесін түсіндіру сияқты негізгі міндеттерді орындау дағдыларын көрсетеді;</p> <p>Оқыту: тиімді оқыту дағдылары: қарастырылатын жағдайға қатысты проблемалық мәселелер бойынша баяндаманы көрсетеді және тиісті түрде құрылымдалған түрде. Басқаларды жақсы есте сақтау үшін рефераттарды қолданады немесе материалды жалпылайды;</p> <p>Практикалық дағдылар: орындауға ұмтылады, мүмкіндіктер іздейді, сенімді және білікті.</p>
		<p>Бағалауға қанағаттанарлықсыз сәйкес келеді: FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)</p>	<p>Дайындық: Өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс жоқ, мысалы, проблемалық мәселелерді жеткіліксіз зерттеу және зерттеу, топтың біліміне шамалы үлес қосу, материал жинамайды;</p> <p>Жауапкершілік: өзін-өзі оқыту үшін жауапкершілікті мойнына алмайды: мысалы, оқу жоспарын орындау кезінде басқалармен байланысты, қателіктерді жасырады, ресурстарды сирек сыни талдайды;</p> <p>Қатысу: топты оқыту процесінде белсенді емес: мысалы, талқылау процесіне белсенді емес қатысады, тапсырмаларды мұқият қабылдайды;</p> <p>Топтық дағдылар: орынсыз араласу, нашар пікірталас дағдыларын көрсету, кедергі жасау, жауап беруден жалтару немесе басқаларды елемеу, үстемдік ету немесе төзбеушілік сияқты тиімсіз топтық дағдыларды көрсетеді;</p> <p>Қарым-қатынас: құрдастарымен қарым-қатынас қиын: мысалы, нашар тыңдау</p>



«Педиатрия-2» кафедрасы

